

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 359 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қаңтарда № 5439 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жобасына сәйкес және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағына су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағының су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев) Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағының су қорғау аймақтары

мен белдеулерін белгілеу жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Зырян ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыс әкімінің аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясы басшысының міндетін атқарушы
_____ Қ. Баймағамбетов

2017 жылғы "27" 12

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің басшысы
_____ Ғ. Сүлейменов

2017 жылғы "27" 12

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ені, м	Ауданы, га	Ұзындығы, км	Ені, м	Ауданы, га
1	2	3	4	5	6	7
Вершинный бұлағы	1340	60-300	23,75	1530	35	5,43

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы кадастрлық нөмірлері 05-070-053-391 және 05-070-053-389 Сажаевка әктас кенорны жер учаскелерінің тұсында орналасқан Вершинный бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жобасының картографиялық материалында көрсетілген.